

Ә.Б. Сейтбатқал* 

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: seitbatkall@gmail.com

ТАРИХИ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЛАҚАП ЕСІМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада қазақтың лақап есім беру дәстүрі қозғалады. Зерттеуде тарихымыздағы хан-сұлтандар, ел билеген көсемдер, ғұламалардың лақаптары және қазіргі заманғы өнер мен спорттағы өнерпаздардың лақаптары сөз болады. Аталған кезеңдер бойынша тұлғалардың лақап есімдерді пайдалану себептері, қойылу уәждері мен прагматикасы, олардағы дәстүр сабақтастығы айқындалады. Сондай-ақ, лақап есімдердің қоғамдық-саяси мәніне назар аударылады. Жұмыс қазақ антропонимикасының бір тармағы лақап есімдер бөлімі бойынша жаңа ізденістерге жол ашпақ. Ономастика саласындағы этнолингвистикалық, тарихи және фоносемантикалық зерттеулердің жандануына үлес қоспақ. Зерттеуде салыстырмалы-тарихи, сипаттамалы әдістер қолданылды. Тарихи және заманауи лақап есімдердің лексика-семантикалық ұқсастықтары, дәстүр сабақтастығы, тарихилығы айқындалды. Этнонимдер мен табу, эвфемизм сөздерден болған лақаптар лақап есімдердің ерекше бір тобы ретінде сипатталады. Лақап есімдердің шығу тегі тым көнеден бастау алатыны және оның әлеуметтік құрылыстармен тікелей байланысы анықталды. Зерттеу нәтижелері этнография, лингвомәдениеттану және әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде қолданыла алады. Лақап есімдердің әйелдерге қарағанда ер адамдарда көбірек кездесетінін ұлттық діл, сонымен бірге, ұлттық және жалпыадамзаттық қоғамдық құрылыс тұрғысынан түсіндіріледі. Сондай-ақ, қазақтың лақап беру дәстүріндегі жеке тұлғаның және қоғамның рөліне назар аударылады. Лақап есімдердің қоғамдағы орны, қызметі әртүрлі заманалар тұрғысынан салыстырыла айтылады және дамуы сөз болады. Нәтижесінде лақап есім берудегі әр дәуірдің өзіне тән лексика-семантикалық, прагматикалық ерекшелігі мен сабақтастығы айқындалды.

Тірек сөздер: ономастика, антропонимика, лақап есімдер, кісі есімдері.

А.Б. Сейтбатқал*

Институт языкознания имени А.Байтұрсынова, Алматы, Казахстан

*e-mail: seitbatkall@gmail.com

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИСТОРИЧЕСКИХ И СОВРЕМЕННЫХ ПСЕВДОНИМОВ

Аннотация. В статье затрагивается традиция присвоения казахских прозвищ. В исследовании будут рассмотрены прозвища ханов-султанов, вождей, ученых, а также прозвища деятелей современного искусства и спорта. По данным этапам определяются причины использования прозвищ, мотивы и прагматика, преемственность традиций.

Также уделяется внимание социально-политическому значению прозвищ. Работа откроет путь для новых исследований в области прозвищ, одной из ветвей казахской антропонимики. Это будет способствовать возрождению этнолингвистических, исторических и фоносемантических исследований в области ономастики. В исследовании использовались сравнительно-исторические, описательные методы. Выявлены лексико-семантические сходства исторических и современных псевдонимов, преемственность традиций и историчность. Прозвища из этнонимов и табу, эвфемизмов описываются как особая группа прозвищ. Выяснилось, что происхождение прозвищ восходит к древности и напрямую связано с социальными структурами. Результаты исследования могут быть использованы в этнографии, лингвокультурологии и социоллингвистических исследованиях. Тот факт, что прозвища встречаются чаще у мужчин, чем у женщин, объясняется национальным менталитетом, а также с точки зрения национальной и общечеловеческой социальной структурой. Также уделяется внимание на роль личности и общества в традиции казахских прозвищ. Сравняются место и функция прозвищ в обществе с точки зрения разных эпох. В результате были выявлены лексико-семантические, прагматические особенности и преемственность каждой эпохи в прозвищах.

Ключевые слова: ономастика, антропонимика, прозвища, личные имена.

A.B. Seytbatkal*

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: seitbatkal1@gmail.com

ETHNOLINGUISTIC FEATURES OF HISTORICAL AND MODERN PSEUDONYMS

Abstract. The article touches upon the tradition of assigning Kazakh nicknames. The study will consider the nicknames of the khans-sultans, leaders, scientists, as well as the nick-names of contemporary art and sports figures. According to these stages, the reasons for the use of nicknames, motives and pragmatics, the continuity of traditions are determined. Attention is also paid to the social-political meaning of nicknames. The work will open the way for new research in the field of nicknames, one of the branches of Kazakh anthroponymy. This will contribute to the revival of ethnolinguistic, historical and phonosemantic research in the field of onomastics. The study used comparative historical, descriptive methods. The lexical and semantic similarities of historical and modern nicknames, the continuity of traditions and historicity are revealed. Nicknames from ethnonyms and euphemisms are described as a special group of nicknames. It turned out that the origin of nicknames dates back to antiquity and is directly related to social structures. The research results can be used in ethnography, cultural linguistics and sociolinguistic research. The fact that nicknames are more common among men than among women is explained by the national mentality, as well as from the point of view of the national and human social structure. Attention is also paid to the role of the individual and society in the tradition of Kazakh nicknames. The place and function of nicknames in society are compared from the point of view of different eras. As a result, the lexico-semantic, pragmatic features and continuity of each era in nicknames were identified.

Keywords: onomastics, anthroponymy, nicknames, personal names.

Кіріспе

Тарихымызда лақап есімдердің алатын орны үлкен болған. Халықтың әлеуметік-саяси өмірінің ажырамас бөлігі екені ономаст ғалымдар еңбектерінде айтылады. Көне түріктер – бала кезіне, жасөспірім шағына, ержеткен уағына және есейген кезіне сәйкес түрлі лақаптармен аталып отырған. Көне кезендерде лақаптар, қазіргідей, адамдарды бір-бірінен ажырату, ерекшелу мақсатында ғана емес, олардың қоғамдық орнын көрсету үшін қолданылған. Ал қазіргі таңда лақаптардың бұл қызметі әлсіреген. Яғни мамандық, кәсіп, лауазым атаулары лақап құрамына сирек қосылады. Дегенмен *Балташы Ахмет, Саятшы Ораз, Шопыр Есжан, Әгіт Осман т.б.* кездеседі, ал *профессор Серік, академик Ербол, директор Нұрлан* сынды ғылыми атақ, лауазымдар лақап бола алмайды. Осыған дейін лақап есімдердің тарихи байланысына, олардың сабақтастығына жеткілікті деңгейде назар аударылмай келді. Сондай-ақ, олардың қоғамдық-саяси мәні де жан-жақты талдауды қажет етеді. Көркем шығармаларда, ауыз әдебиеті мен фольклорда, күнделікті өмірде лақап есімдер көптеп кездеседі. Олардың көркемдігі мен бейнелігі, семантикасы біршама айқындалғанмен, оларды ары қарай тереңдету аса маңызды. Тіл біліміндегі жаңа бағыттар тоғысында зерттеу де өзекті мәселе. Өйткені лақап есімдер халық шығармашылығының айрықша бір көрінісі. Сондықтан оларды жан-жақты саралау, құрылымдық, семантикалық, прагматикалық сабақтастығын айқындау – біздің басты мақсатымыз.

Материал және әдістер

Мақаладағы материалдың негізгі қорын көпке белгілі тұлғалардың лақап есімдері құрайды. Әрбір тарихи және заманауи лақаптардың өзінің қойылу тарихы бар. Ол ұлтқа тән таным мен болмыс ерекшелігінің көрсеткіші. Сондай-ақ лақаптар этномәдени және этнопсихологиялық ерекшеліктермен де байланысты. Жинақталған әрбір лақап есімдер, ең алдымен, семантикалық топтарға жіктеледі. Тарихи және заманауи лақаптар қоғамдағы орны, қойылу уәжі мен прагматикасы тұрғысынан сипатталады. Ұқсас ономастикалық құбылыстар сараланып, қазақтың лақап есім беру дәстүрі айқындалады. Лақап есім беру дәстүрінің даму барысында ұмыт қалған құбылыстар мен әлі күнге сақталып келе жатқан құбылыстар белгілі болады. Нәтижесінде қазақ лақаптарының жалпы бейнесі көрініс табады.

Лақап есімдердің бай қорын ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттерден және ел аузынан да мол кездестіреміз. Ертегілердегі *Тоңқылдақ, Шіңкілдек, Таусоғар, Желаяқ, Қаңбақ шал, Тазиша, Қара дәу, Көлжұттар (Көлтауысар)* аттары, көркем шығармалардағы *Қабан* (Кенгірбайдың лақабы), *Дарабоз* (Қаракерей Қабанбай), *Телгара* (Абай), ел аузында жиі айтылатын *Қара қыз, Қортық, Суайт, Қазанбас, Бартбас* т.б. аттарды айтуымызға болады (Жанұзақ, 2006: 269).

Барлық жалқы есімдер сияқты лақап есімдердің де сөздік құрамы жалпы есімдерден тұратыны белгілі. Оның ішінде эмоционалды-экспрессивті сөздер мен көріктеу құралдарының атқаратын қызметі зор. Мәселен, зоонимдерден ауысқан лақап есімдер жануарлардың ерекше бір белгісімен жақындастырып, ұқсатудан туған. Мысалы, қасқыр – қатыгез, қайсар, аю – үлкен, қомағай, түлкі – қу секілді символдық мәнмен астасып жатады. Бұдан лақап есімдер сөз мағыналарын құбылтып түрлендіретін, тілдік шығармашылықты көрсететін қызықты жұмыс екені білінеді. Эпитеттік айқындаулар жалпы есімдермен қатар жалқы есімдерде де қолданылады. Дей тұрғанмен де екеуінің мақсаты бір, яғни бір затты басқа заттардан немесе бір адамды басқа адамдардан айыру.

Мәселен, Атымтай Жомарт, Жиренше шешен, Қаз дауысты Қазыбек, Асан қайғы, Ер Тарғын, Қара қыпшақ Қобыланды, Бұғабай басшы, Жиренше шешен, Орынбай ақын және т.б. А.Байтұрсынұлы осы есімдердегі *қайғы, ер, қара қыпшақ, қаз дауысты, басшы, шешен, ақын* деген сөздердің лақаптау үшін қолданылған айтады (Байтұрсынов, 1989:155). Жиренше шешеннің есімін Ә.Марғұлан, Т.Жанұзақтар жан-жақты түсіндіреді. «Бұрынғы кездегі қария жыраулардың жиренше деп аталуы олардың ылғы жирен атқа мініп, ел аралап, қобыз тартып жүруінен болған, бұл әдет, әсіресе, оғыз, қаңлы, қыпшақ руларының ортасында көбірек орын алған. Халық аузында айтылатын жиренше бір кісінің аты емес, ол үйсін заманынан келе жатқан қария жыраулардың жинақ әрі лақап аты. Жиренше – жирен атты жыраулардың жалпы атауы болуы әбден мүмкін. Өйткені жирен – мал түсін аңғартатын сөз. Ал шешен сөзі сол адамның қара сөзге шеберлігін, тілге ұсталығын көрсеткен (Жанұзақов, 1971: 82).

Әдебиетке шолу

Т.Жанұзақ лақап есімдерді жалған есімдер деп те аталатынын айтады. Ғалымның «Қазақ есімдерінің қысқаша тарихы» атты еңбегінде лақап аттарға тоқталады. Зерттеуде ғалым лақаптардың дереккөзін ауыз әдебиеті, көркем әдебиет және ел арасындағы лақаптар деп үшке бөледі. Лақаптардың этнонимдер арасындада жиі кездесетінін, сондай-ақ, олардың дамуы мен өзгерісінің себебіне тоқталып, мағыналық топтарға жіктейді. Руға байланысты лақаптар қазақ рулары арасында да біраз кездеседі, Мәселен, *қара қыпшақ, қаракесек, семіз найман, шой мойын, сары үйсін, қара қаңлы, қызыл қаңлы, сарыбас, қызылым, жиренім, ақ найман, бура найман, мырза найман, жуанбұт найман*. Т.Жанұзақ кісі есімдеріндегі табу мен эвфемизмді лақап аттардан бөліп көрсетеді. Сонымен бірге олардың формасы жағынан лақап аттарға жақын әрі ұқсас екенін айтады (Жанұзақов, 1971: 78). Тек қойылу себебі, мағынасы жағынан ерекшеліктері бар. Осы айтылғандарды ескере отырып, табу, эвфемизм атауларды лақап есімнің бір түрі ретінде де немесе бөлек алып қарастыруға да болатынын аңғарамыз. Ат тергеу – қазақ халқының сыйластығын, келіннің ибалығын көрсететін, оның жаңа ортаға құт әкеліп, сыйлы болып тез сіңісуіне әсер ететін салт. Сондықтан да бұл дәстүрге қазақ қоғамы ерекше мән берген. Сондай-ақ, ат тергеу салты келіндердің шығармашылығын, тапқырлығын көрсетеді. Мысалы, *Бұқабай – Сүзербай, Көжесбай – Қоян ата, Жамантай – Жайсызтай, Еламан – Халық есен, Асаубай – Тарпаң, Асыл – Бекзат ата*.

Г.Байғосынова лақап есімдердің жасалуы туралы теориялық байламында көркем шығармаларда кездесетін лақаптарды көптеп пайдаланады. Көркем туынды авторлары әр лақап есімнің қойылу уәждемесіне түсіндірме беріп отырады. Ғалым метафоралық жолмен жасалған лақаптарға *Шығыс Мадоннасы, Усачев – Тұрсынғали, менің Ақбаяным* сынды есімдерді келтіреді. Мұнда бір адамның бойындағы айрықша мінезі (келбеті т.б.), келесі бір адамның бойында да кездескендіктен ұқсастып, есімдерін ауыстырып қолданған (Байғосынова, 1997: 223).

Этнонимдердің лақапқа айналуына, көбіне, екі түрлі себеп ықпал етеді. Біріншісі сол ұлтпен туыстық жақындығының болуы, екінші ондай жақындық жоқ, тек мінезінің сол халыққа ұқсауынан туындап жатады. Мәселен, *қырғыз, кәріс, сарт* сынды лақапқа айналған этнонимдер бар. Ал Г.Ф.Саттаров мұндай лақап есімдерді үш топқа бөліп қарайды. Аталушының шыққан тегі (нағашылары жағынан да) басқа ұлт болса, аталушы сыртқы түр-тұлғасы немесе мінез-құлқымен басқа ұлт өкілін еске түсіргендей жағдайда, аталушының басқа халық арасында ұзақ уақыт болуына байланысты (Саттаров: 23).

Неміс Жақып, Кәріс Сәрсенбай, Якут Жанат, Өзбек Жұматай, Қырғыз Руслан, Қалмақ Қайырбек, Қожа Қайрат, Араб Есенәлі, Орыс Раушан мен Қазақ Раушан, «Орыс келін» мен «Қазақ келін» және т.б.

Башқұрт елінде *қазақ* деген лақап атқа ие бір әулет бар екені Г.А.Аширова, және т.б. ғалымдардың «Nicknames in Bashkir» (Башқұрт тіліндегі лақап есімдер) атты мақаласында айтылады. Олардың ата-бабалары Башқұртстандағы Федоровский ауданындағы казактардың ұрпағы болғандықтан, *қазақ* деп аталыпты. *Қазақтар* лақабы отбасы мүшелерінің бәріне телініп, олардың барлығын жинақтап тұратын атауға айналған. Бұдан мақала авторлары башқұрт тіліндегі ұжымдық лақаптар мен этнонимдердің байланыстары тығыз деген байламға келеді (Ashirova, 2016).

Зимбабве университетінің ғалымы Педзисай Маширидің «More than Mere Linguistic Tricks: The Sociopragmatic Functions of Some Nicknames Used by Shona-speaking People in Harare» мақаласы кейбір лақап есімдердің әлеуметтік-прагматикалық қызметін зерттеуге арналған (Mashiri, 2004). Зерттеу мәліметтері бір жылдық бақылау мен сұхбаттасу нәтижесінде алынған. Сондай-ақ, лақап есімді қолданушылардың жасы, жынысы, әлеуметтік мәртебесі, мамандығы мен діни ұстанымына назар аударылған. Ғалым өз зерттеуінде шон тіліндегі лақаптардың пайдасын және қарым-қатынастағы құндылығын айқындайды. Мақалада лақап есімдердің қолданылуындағы ерекшеліктерге тоқталады. Нақтырақ айтқанда, лақап есімдер қолданысына қарай әртүрлі болып келеді. Бір топ лақап есімдер күнделікті, әбден қалыптасып кеткендіктен, лақап ретінде қабылданбайды. Мысалы, *Францискадан Франко*, ана тіліміздегі *Сәдуақасстан Сәкен*, *Сейтбатқалдан Сәкен*, *Жұмаділден Жұмай* шыққан секілді. Яғни осындай ресми аттан пайда болған лақаптар қалыпты жағдайға айналып, лақап ретінде қабылданбай кетеді. Ал құжаттағы есімдері өте сирек қолданылатындықтан, оның айтылуы әлеуметтік маңызды оқиғамен тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан жаңа, жасампаз лақап есімдердің қалыпты, күнделікті лақаптарға айналуы үдерісіне назар аудару аса маңызды. Бұлай ажырату бізді лақап есімдерді тілдік өнім ретінде танып, оңай әрі қызық емес істен алыстатып, күрделі, бірақ пайдалы іске бастайтынын айтады.

Нәтижелер және талқылау

Ел аузында жиі айтылатын: «Сол бір мінезіне бола, халық оны солай атап кеткен» дегендей түсіндірмелерді естіп жатамыз. Сырт көз сыншы демекші, әрқашан өзгенің мінезіндегі, сырт келбетіндегі ерекше белгілерін байқап жүру барлық адамзатқа тән қасиет. Соның тілдегі көрінісінің бірі – лақап есімдер.

Лақап есімдер көбіне ер адамдарда басым болып келеді. Ал әйел адамдарда лақап есім беру сирек. Бұл маңызды әлеуметтік мәселелерді ерлердің атқаруымен тікелей байланысты. Сондай-ақ, қазақ халқы қыз балаларды қадірлеп, оларды тек жақсы сөздермен атаған (Молдақыз, Қарақыз, Сарықыз). Қыз балалардың сырт келбеті, биязы қылығы, даналығы, мінезінің жайдарлығы сынды жағымды қасиеттері назарға іліккен. Мысалы, *Аптақ*, *Балқоңыр*, *Қоңырша*, *Ақ Әлима*, *Ақкемпір*, және т.б. *Ақ* түс атауы ниеті таза, көңілі кең, жайдары адамдарға қатысты қолданылса, *қоңыр* түсі сабырлы, салқынқанды, сыпайы мінезді адамдарға телініп отырады. Т.М.Абдрахманова өзінің қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі лақап есімдердің ерекшелігін қарастырған еңбе-гінде лақаптардың көбіне ер адамдарға қойылатынын айтады. Орыс және неміс тілдері типологиялық белгілері жағынан ұқсас, яғни род категориясының болуымен ерекшеленеді. Ғалымның пікірінше: «Бұл ерекшелік ер адамдар мен әйел адамдардың мінез-

құлқына байланысты болуы тиіс. Кез-келген елде әйелдер ермен салыстырғанда жұмсақ мінезді, нәзік жанды, инабатты болады, сондықтан да әйел адамдарға көп лақап ат қойылмауы керек». Зерттеуде қазақ, орыс және неміс тілдерінде қарастырылған ер адамдардың бейресми есімдері 70 %-ды құраса, ал әйел адамдардың бейресми есімдері 30 %-дық көрсеткішпен айқындалған (Абдрахманова, 2004: 129).

Қазақ тіл білімінде лақап есімдердің қойылу себептері, олардың мағыналық топтары жөнінде жоғарыда айтылған Т.Жанұзақ (Жанұзақ, 2006), С.Ә. Рахымберлиналардың (Рахымберлина, 2009) зерттеулері белгілі. С.Ә. Рахымберлина «Лақап есімдердің пайда болу себептері» атты мақаласында лақап есімдердің ұлттық ділмен астасып жатқанына көптеген дәлелдер келтіреді. Олар қазақ халқының тарихынан, кәсібі мен әлеуметтік өмірінен мол ақпарат беретініне көз жеткіземіз. Ғалым лақап есімдерді қоюдың төрт себебін атап көрсетеді.

1) Аттас адамдарды ажырату үшін (Құлақ Қанат – Мұрт Қанат; Майда Жарылғап – Қайда Жарылғап; Қара Қапар – Сары Қапар; Орыс Раушан – Қазақ Раушан; Күлдір Болат – Шүлдір Болат);

2) Қазақ қоғамындағы атын тікелей айтуға тыйым салынған есімдерді ауыстыру мақсатында (Ақжігіт, Молдақыз, Еркебала, Түймеш, Сарықыз);

3) Ауырған адамды емдеп, аластау, өміріне төнген қауіптен сақтау үшін (Сәтбектің Қоқым, Бағдаттың Боқыш, Қалқабектің Мысық деп аталуы);

4) Тұлғаның ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін көрсету мақсатында (Көркем Уәли, Қаз дауысты Қазыбек, Дуалы ауыз Қашаған, Мүйізді Өтеген т.б.) (Рахымберлина, 2009). Ал Т.Жанұзақ лақап есімдерді лексикалық мағынасына қарай алтыға бөледі.

2) Адамның сырт келбеті мен денесіндегі қандай да бір кемістігіне байланысты лақап есімдер: Шұбар, Бұжыр, Шонмұрын, Алакөз, Көккөз, Жамбас, Қисық, Қарабала, Қазанбас, Шойбас, Майысқақ, Бүкір, Шолақ, Сақау, Сойдақтіс және т.б.

3) Адам бойындағы қасиеттері мен мінез-құлқын сипаттайтын лақап есімдер: Найзағай, Асан қайғы, Қиясбай қисық, Жиренше шешен, Алдар Көсе, Таусоғар.

4) Отбасылық қарым-қатынасты білдіретін лақап есімдер: Біржан, Үшбай, Кішкентай, Кенже, Шал, Қарт, Тәте.

5) Адамның шұғылданағын кәсібін білдіретін лақап есімдер: Етікші Ахмет, Ұста Кәрім, Зергер Малбай, Балгер Жанту, Үйші Қали, Оташы Нұрахмет, Саятшы Ораз, Мұғалім Оспан т.б.

6) Адамның қоғамдағы орнын білдіретін лақап есімдер: Мырза Боранбай, Алғазы сұлтан, Сатан батыр.

7) Өсімдік және жануар атауларымен байланысты лақап есімдер: Қошқар, Қасқыр, Аю, Түлкі, Қырғи, Қаршыға, Терек, Майса, Шетен, Жалбыз, Тікен және т.б. (Жанұзақ, 2006:270).

Өткен тарихымызда да өзін таныту, мойындату мақсатында өзін-өзі лақаптау кездесіп отырған. Мәселен, Абылай ханның есімі жекпе-жекте Абылайлап ұрандауынан пайда болғаны, оның шын есімі Әбілмансұр екені көпке белгілі. Шыңғыс ханның есімі де таққа отыруымен тікелей байланысты. Бұндай билікке келумен байланысты ат ауыстыру көне түріктерден келе жатқан ерекше дәстүр. Ол туралы А.С.Аманжол Шу және Талас ескерткіштерінде келесідей есімдер жазылғанынан мәлім етеді. Көне түріктердің ер есімі, шайқастағы есімі, рулық есімі және хан болса таққа отырғаннан кейінгі есімі болатынын айтып өтеді. Ер есімі – *Қара Чор (мерген)*, соғыстағы есімі – *Кар Язмаз (қалт кетпейтін қол мағынасында)*; *Су Чор* – рулық есім, *Қыйаған* – шайқастық есім; *Құмар*

Чор, ер есімі – *Иш Құлы* (құлдың досы) (Аманжолов, 368: 88). Бұл байырғы түріктерде жасаған ерлігіне, рулық тегіне байланысты лақаптау дәстүрі болғанын дәлелдейді. Бұл дәстүр қазақ тарихында өте көнеден келе жатыр. Өйткені көне түріктер кезінен *ер аты* деген түсінік болған. Бұл біз талдап отырған лақап есімдермен сәйкес келеді. Ол да шын есімінің орнын басып, адам өмірінің соңына дейін қолданылған. Сондай-ақ, ер атына (лақапқа) адамның лауазымы қоса тіркесіп отырған. Кейіннен титул мен лақабы оның қоғамдық өмірінің айнымас бір бөлшігіне айналатын. Ғалымдар осы аталғанға сүйеніп, көне түріктер өмір бойы бір ғана атпен жүрмеген, қоғамдық мәртебесіне қарай есімі өзгеріп отырған деген тұжырымға келеді (Махпиров, 1997: 119).

Әр қойылатын лақаптың өзінің тарихы, астары болады. Мәселен, «Қорқыт Ата» кітабындағы «Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы жырда»: «... Ұлың қара ормандай жау ортасына кірер болса, тәңірі оған сәт берсін. Ұлыңның атын «Бамш» деп атап жүр едің, ендігі аты Бәмсі-Байрақ болсын, мінген аты Байшұбар деп аталсын. Менің қойған атым сол, тәңірі оның жұрымын берсін» (Қазақ халқының философиялық мұрасы, 2005: 67), – деп Қорқыт ата бата береді. *Бәмсі-Байрақ* лақабы ту ұстайтын бағыр болсын деген тілектен туғанын және оның бұрынғы атының орнын басқанын байқаймыз. Тарихта Әмір Темірдің *Ақсақ Темір* лақабы да қатар сақталған. Аңыз бойынша шайқастардың бірінде Әмір Темірдің аяғы жаншылып, өмір бойы ауырып, ақсақ болып қалады. Сондықтан да Ақсақ Темір атанған екен.

Лақап есімдер адамның бәрінде бола бермейді. Қазіргі заманда адамдардың басым бөлігі өз есімімен аталады. Яғни, қосымша аттары жоқ, тек бір есімі болады. Лақап есімдер адам өмірінің белгілі бір кезеңінде қойылып, кейіннен қолданылмай қалуы да мүмкін. Өйткені лақап есімдердің айтылу мерзімі көбіне жеке тұлғаның қалауымен тікелей байланысты. Егер де өзіне таңылған лақап адамға жағымсыз болса, көп ұзамай ол есім қолданыстан қалады. Яғни шын атының орнын баса алмай, екіншілік ат ретінде ара-тұра ғана қолданылады немесе мүлде қолданылмайды. Лақап ат – көбіне халық тарапынан қойылатыны белгілі. Десе де қазіргі күнде өз-өзіне лақап ат қою дәстүрі де кеңінен қолданылады.

Әсіресе өнерпаздар мен спортшылар арасында лақап атпен таньлу кеңінен етек жайған. Оның ішінде халық аузында тез жатталып, жеңіл айтылуды көздейтіндері де, ырымдап қоятындары да бар. Қазіргі күндегі көпке белгілі тұлғалардың лақап есімдерін төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1) Ырым етіп, белгілі бір адамға, затқа т.б. ұқсау ниетінен туған лақаптар: *Бүркіт (Айбек), Шамси (Ахметәлі Баймен), Адам (Дәурен Оразбек), Әміре (Ернар Садырбай), Сұңқар (Арман Осман), Мұстафа Өзтүрік (Арман Әшім)*.

2) Руын лақап атқа айналдырған өнерпаздар: *Нұрлан Албан, Ғаділбек Жанай, Ақылбек Жеменей, Майра Керей (Майра Мұхамедқызы), Абай Бегей (Абай Ниязқұл) Аша Матай (Ақбота Асқар), Найман (Құат Хамит)*.

3) Есімі мен аты-жөнінің қысқартылуы арқылы қойылған лақаптар: *Лидо (Лидия Досалина), Кентал (Талғат Кенжебұлат), Сау Мо (Мәлдір), Аурее (Айгерім Рақыш), GGG (Генадий Головкин Генадьевич)*.

4) Өзінің ресми есіміне дыбыстық ұқсастығы бар лақаптар: *Луина (Луиза Каринбай), Бибо (Бейбіт Құсайын), Аша Матай (Ақбота Асқар)*.

5) Сырт келбеті, табиғи бітіміне қарай қойылған лақаптар: *Қара бала (Нұржан Керменбай)*.

6) Фильмдегі, сахнадағы кейіпкерінің аты лақапқа айналған: *Сисутай/С.С.Тау*

(*Айгерім Мергенбай*).

7) Туған жерін лақап ретінде пайдалану: *Әкім Тарази (Әшім Әкім Үртайұлы), Тұңғышбай әл-Тарази (Тұңғышбай Жаманқұл)*.

8) Балалық шақтағы лақаптарын өнердегі лақабы ретінде пайдалану: *Ошооои (Олжас Жанабек), Айдар Байжан (Ерсінбек Тұрғанбекұлы)*. Бұл лақаптарды қоюда ерекшелену, назар аударып, көпшіліктің есінде тез жағталу сынды мақсаттардың бары білініп тұр. Сондай-ақ, аталған өнерпаздар көпшілікке лақап аттарымен танылғандықтан, шын есімдері тасада қалып қояды. Ал спортшылардың лақаптарында қосымша қарсыласына, жұртшылыққа айбарын сездірту мақсаты бары белгілі.

А.Т.Әлиакбарова өзінің диссертациялық жұмысында қазіргі замандағы өнерпаздар лақаптарының құрылысына қарай статистикасын шығарады. Оның ішінде ең жиі қолданылатыны кісі есімі + тегі – 46 % (Қайрат Нұртас, Төреғали Төрелі, Ернар Айдар), өз есімдерін дыбыстық өзгеріске түсірген өнерпаздар – 3,3 % (Луина, Айтжан), ойдан шығарылған лақаптар – 5,9 % құраған (Бүркіт, Диная, Сату, Макеша), латын әріптерімен рәсімделген лақаптар – 20,83 % құрайды (Әлиакбарова, 2020).

Ғалым докторлық диссертациясында өнерпаздардың сахналық есімдерін (лақаптарын) құрылымы, семантикасы бойынша жіктеп, топтастырады. Олардың жасалуын төмендегідей бірнеше бағыттарын көрсетеді:

1. кісі есімі + тегі (әкесінің аты): *Қайрат Нұртас (Айдарбек Қайрат Нұртасұлы, Төреғали Төрелі (Әлихан Төреғали Төреліұлы)*.

2. бүркеншік ат: *Бүркіт (Айбек Сейіт), Диная (Динара Каур), Шамси (Ахметәлі Баймен)*.

3. трансформацияланған кісі есімі: *Луина (Луиза Кәрімбаева)* және т.б.

4. Бүркеншік тек + кісі есімі, бүркеншік: *Қожағұл Ерболат (Измурзаев Ерболат Итешович)* және т.б.

5. ат + кісі тегі: *Әсия Омарова (Омарова Василия Шыңқожаевна)* және т.б.

6. бүркеншік ат + бүркеншік тек: *Айдар Байжан (Ерсінбек Тұрғанбекұлы)* және т.б.

7. аббревиатура (кісі есімі мен тегі алғашқы буынынан жасалған бүркеншік ат): *Лидо (Лидия Досалина)* және т.б.

8. кісі есімі + ру аты: *Майра Керей, Нұрлан Албан* және т.б.

9. мифтік кейіпкер, апелляция ағаулар, сөз тіркестері: *Қыдыр-ата, Барыс Хан, Қожаназар, Жігер, Сұлужүрек*.

10. латын графикасы негізінде жасалған бүркеншік аттар: *Uoli, Qonyratbay Fat* және т.б. (Әлиакбарова, 2020: 148).

Біздіңше, бүркеншік есімдердің семантикасында жасыру, бүркемеу мәні болуы тиіс. Ал жұлдыздардың сахналық есімдерінде ондай мән кездеспейді. Өйткені олар өздерін я аты-жөнін жасыруды емес, танымал болуды көздейді. Сондықтан олардағы басты мақсат әйгілену, көзге түсу, есте қалу болғандықтан оларды лақап есімдер қатарына жатқызғанды жөн көреміз.

Лақап есімдердің осы сипат әлемдік және қазақстандық өнерпаздардан да көреміз. Мысалы, әйгілі *Джеки Чанның* шын есімі *Чан Кон Сан (Chan Kong-sang)*. Бұл есім Гонконгта туған деген мағынаны білдіреді. Гонконгтағы кино өндірісінде дағдарыс болған кезде, ол Аустралияға ата-анасына баруға мәжбүр болады. Кейіннен мейрамхана мен құрылыс алаңында жұмыс істеп жүрген кезде *Джеки* лақап атына ие болады. Ол қытайда *Чан Лун, Фан Шилун* есімдерімен белгілі болса, әлемде және АҚШ-та *Джеки Чан* лақабымен танылған.

Мерилин Монроның шын аты – *Норма Джин Мортенсон*. Ол 1946 жылы 20 ғасыр студиясының директоры Бен Лионмен бірге *Мэрилин Монро* деген сахналық лақап атты таңдайды. Мерилин есімі Бродвей жұлдызы Мэрилин Миллердің құрметіне қойылса, ал Монро анасының қыз күніндегі тегі болатын. Осылайша ол әлемге осы атпен танылып, тарихта осы атпен қалды.

Ал *Шамси* есімімен танылған *Ахметәлі Баймен* араб сөзін өзінің лақабы ретінде алған. *Шамси* сөзі араб тілінен аударғанда «күннің нұры» деген мағынаны білдіреді. Өнерде жұлдыздай емес, күндей жарқырауды ниет еткені аңғарылады.

Көпшілікке «Қазақстан – Гүлстан» әнімен танымал Адамның шын есімі – Дәурен Оразбек. Ол өзінің Адам аталуын үш тілде бірдей жазылып, екі буыннан тұратынын тиек етеді. Оны продюсері Динара Адаммен ақыладаса отырып қойған екен. Байқасақ, оның продюсерінің тегі де Адам. Қазақ антропонимдер жүйесінде Адам есімі сирек ұшырайды, көбіне бұл есімге *-бек*, *-бай* есім тұлғалары жалғанып келеді. Адам, к. евр. қызыл, жирен түсті ер адам (балшықтан жасалған кісі, пенде). Оған бай, бек сөздерін қосу арқылы біріккен тұлғалы есімдер жасалады: Адамбек, Адамбай (Қазақ есімдерінің анықтамалығы, 2009: 287).

Көптеген отандық киноларда бой көрсеткен Олжас Жаңабек, әнші ретінде Ошоооу лақабымен шыққан. Бұл Олжастың балалық шақтағы лақап аты. Оған бұл лақапты әкесі ойлап тапқан, кейіннен достары да солай атап кеткен. Кейін әншілікке бет бұрған Олжас өзіне осы лақапты алуды ойлайды. Бірақ ғаламтор бетінде *Ochou* атты қолданушы болғандықтан, ол тағы да екі «о» ны қосып, *Ochooou* тұлғасындағы лақабын шығарады (Жапатова).

Калия (Ақмаржан Күшербай) – Ақмаржанға продюсерлері мен жетекшілері сахнаға арналған лақап ат ойлап табуға кеңес берген. Калия – Ақмаржанның анасының есімі. Ол сахналық есім ретінде осы атты алуды жөн көрген.

Ұлықпан Жолдастың қызы Фарида Жолдастың шын аты – Перизат. Бұл есім ауыр болады деп сенгендіктен, екінші ат қойған. Кейіннен Фарида лақабы бірінші атының орнын басқан.

Әшім Әкім Үртайұлы, Тұңғышбай Жаманқұлда ата-баба дәстүрін жалғап, *Әкім Тарази*, *Тұңғышбай әл-Тарази* аталса керек. Өйткені қазақ тарихында өзінің туған жерімен аталған әлемге әйгілі тұлғалар баршылық – *Әбу насыр әл-Фараби*, *Қожа Ахмет Яссауи*, *Әлішер Науаи* сынды лақап есімдер бұған дәлел.

Қорытынды

Лақап есімдерді қарапайым және жасампаз деп екіге бөлуге болатынын көреміз. Біріншісін, айтқанда адамдар жеке тұлғаның өз атын айтқандай сезінеді, ал екіншісін айтқанда адамдар елең етіп, оның лақап екеніне бірден назар аударады. Алдағы уақытта қазақ лақап есімдер қорын жинақтап, оларды қарапайым және жасампаз деп бөліп қарастыруды жөн көреміз. Сондай-ақ лақап есімдердің бір тобы ретінде табу, эвфемизм сөздерді жандандыру, олардың тарихы мен қазіргі беталысын, құрылымдық ерекшеліктерін айқындау этнография, ономастика, этнолингвистика салалары үшін маңызды болмақ. Біздің мақаламызда халық шығармашылығын көрсететін бірқатар лақаптар кездеседі. *Атымтай Жомарт*, *Жирение шешен*, *Қаз дауысты Қазыбек*, *Асан қайғы*, *Бұқабай – Сүзербай*, *Кәжескбай – Қоян ата*, *Қасқыр*, *Аю*, *Түлкі*, *Қырғи*, *Қаршыға*, *Терек* сынды атаулар бейнелі, әсерлі және ұқсату, салыстырудан туған ерекше лақаптар. Сондай-ақ, осындай атаулар ұлттық дүниетаным мен этнопсихологиядан хабар

береді. Әр ұлттың, рудың атаулары жеке адамға телініп лақап болатын жағдайлар да жиі кездесіп жатады.

Бүгінгі қоғамда лақап беру көне заманмен салыстырғанда бәсең. Лақаптардың қоғамдағы мәні мен алатын орны өзгерген. Бағзы заманда әрбір ер-азаматтың үш немесе одан да көп лақабы болған. Ол оның жасына, лауазымына байланысты өзгеріп отырған. Ал қазіргі кезде лақаптардың бұл қызметі әлсіреген. Мәселен, *бала Есбол, оқушы Есбол, студент Есбол, кәсіпкер Есбол, әниі Есбол* т.б. көптеген анықтауыш сөздер қосылу арқылы нақты қай Есбол екенін білуге болады. Яғни қай әлеуметтік кезенді кешіріп жатқанына байланысты, оларды ажыратуға, нақтылауға болады. Сондықтан мұндай мамандықты, жасын көрсететін сөздер бұрынғы лақаптардың қызметін атқарып отыр. Сондай-ақ, лақап есімдердің азаюына адам аты-жөндерінің үш бөліктен тұруы да өзіндік әсерін тигізіп отыр (Тегі + аты + әкесінің аты). Бұл адамдарды бір-бірінен ажыратуға өз септігін тигізеді.

Ал лақаптардың қойылуы мен прагматикасы, семантикасындағы дәстүр жалғастығын байқаймыз. Өйткені лақап есімдер адам өміріндегі ерекше бір оқиғаға байланысты немесе жақсылыққа ырымдау мақсаттарымен бағзы заманда да, қазір де қойылады. *Мұстафа Өзтүрік (Арман Әшім) – Қара Чор (мерген), Тұңғышбай әл-Тарази – Әбу насыр әл-Фараби, Нұрлан Албан – Мұхаммед Хайдар Дулати*. Сонымен бірге, қай кезеңде болмасын адамдар лақап арқылы өзінің шыққан тегін, жерін, айбар-сесін, даңқын т.б. сездіріп, арттыруды да көздейді. Мысалы, *Абылай хан, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір*, қазіргі таңдағы *Бүркіт (Айбек), Әміре (Ернар Садырбай), Сұңқар (Арман Оспан), Адам (Дәурен Оразбек)* т.с.с.

Әдебиеттер

Жанұзақ Т. (2006) Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. – Астана, 1С-Сервис, 2006 ж. – 400 б.

Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аулармалар, зерттеулер. (1989) (Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.) – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 бет.

Жанұзақов Т. (1971) Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971, – 218 б.

Тіл тарихы және сөз табиғаты. (1997) – Алматы: Ғылым, 1997. – 235 б.

Сагтаров Г.Ф. (1979) Тагарская антропонимика и этнолингвистические связи // Советская тюркология. 1979. № 2. С. 37–47.

Gulsiasak Ahatovna Ashirova, Munir Idelovich Karabaev, Gulfira Rifovna Abdullina, Nailya Azamatovna Lasinova and Gulnaz Abdulchakovna Isyangulova. (2016) Nicknames in Bashkir (Theoretical Aspects of Studying) Indian Journal of Science and Technology, Vol 9(27), DOI: 10.17485/ijst/2016/v9i27/97691, July 2016

Pedzisai Mashiri (2004) Department of African Languages and Literature, University of Zimbabwe. More than Mere Linguistic Tricks: The Sociopragmatic Functions of Some Nicknames Used by Shona-speaking People in Harare. Zambezia (2004), XXXI (i/ii)

Абдрахманова Т.М. (2004) «Қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі лақап есімдерінің ерекшелігі» // Тілтаным. – Алматы, 2004. – №4. – 129 б.

Рахымберлина С.Ә. (2009) Қазақ тіліндегі бейресми кісі есімдерінің этнолингвистикалық және танымдық сипаты : Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.02.02 мамандығы бойынша / Рахымберлина, Сағила Әбдіғалиқызы, – Астана : Print Shop, 2009. – 30 б. Библиогр.: 23-24 б.

- Аманжолов А.С. (2003) История и теория древнетюркского письма. – Алматы, «Мектеп», 2003. – 368.
- Махпиров В.У. (1997) Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. – 302.
- Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. (2005) Жиырма томдық, 5-том. – Астана: Аударма, 2005. – 528 б.
- Әлиакбарова А.Т. (2020) Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы замануи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация. – Алматы, 2020.
- Қазақ есімдерінің анықтамалығы. (2009) – Алматы: Арыс, 2009. – 552 б.
- Жапатов А. Қазақ эстрадасында ерекше есіммен танылғандар [Электронды ресурс] URL: <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/59214/> (дата обращения 29.10.2021)

References

- Abdrakhmanova T. M. (2004) Features of nicknames in Kazakh, Russian and German // Tiltanym. Almaty, 2004. - No. 4. - 129 P. (in Kazakh)
- Amanzholov A. S. (2003) History and theory of Ancient Turkic writing. – Almaty, «School», 2003. – 368. (in Kazakh)
- Aliakbarova A. T. (2020) Modern Kazakh anthroponymy in a new socio-cultural environment: transmission, transformation. – Almaty, 2020. (in Kazakh)
- Baitursynov A. (1989) Works: Poems, poems, research. (Comp. Sharipov A., Dautov S.) – Almaty: writer, 1989. – 320 pages. (in Kazakh)
- Ashirova G.A., Karabaev M.I., Abdullina G.R., Lasinova N.A., Isyngulova G.A. (2016) Nicknames in Bashkir (Theoretical Aspects of Studying) Indian Journal of Science and Technology, Vol 9(27), DOI: 10.17485/ijst/2016/v9i27/97691, July 2016 (in English)
- Zhanuzak T. (2006) Kazakh onomastics. – Astana, 1С-Service, 2006 – 400 p. (in Kazakh)
- Zhanuzakov T. (1971) History of Kazakh names, Almaty: Nauka, 1971, 218 P. (in Kazakh)
- Zhapatova A. Those who are recognized by a special name on the Kazakh pop (electronic resource) URL: <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/59214/> (accessed: 19.10.2021) (in Kazakh)
- Reference book of Kazakh names. (2009) – Almaty: Arys publ., 2009. – 552 P. (in Kazakh)
- Philosophical heritage of the Kazakh people. Turkic thinkers of the Middle Ages. (2005) Twenty volumes, Volume 5. – Astana: translation, 2005. - 528 P. (in Kazakh)
- Makhpirov V. U. (1997) Names of distant ancestors (sources of formation and features of functioning of ancient Turkic onomastics). – Almaty: Institute of Oriental Studies, MN-AN RK, 1997. - 302.
- Mashiri P. (2004) Department of African Languages and Literature, University of Zimbabwe. More than Mere Linguistic Tricks: The Sociopragmatic Functions of Some Nicknames Used by Shona-speaking People in Harare. Zambesia (2004), XXXI (i/ii) (in English)
- Rakhymberlina S. A. Reasons for the emergence of pseudonyms, scientific articles of Kazakhstan, <https://articlekz.com/kk/article/16483> (electronic resource) (in Kazakh)
- Sattarov G. F. (1979) Tatar anthroponymy and ethnolinguistic relations // Soviet Turkology. 1979. № 2. С. 37–47.
- History of language and the nature of the word. (1997) – Almaty: Nauka publ., 1997. 235 P. (in Kazakh)